



Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің модульдік- құзыреттілік тәсілдеме бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ЕРЕЖЕСІ

Оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесінде оқу-әдістемелік құжаттаманы құрастыру бір мамандық шеңберіндегі аралас біліктіліктер бойынша оқу пәндерінің, практикалардың, оқу іс-әрекетінің басқа да түрлерінің білім беру бағдарламаларының интеграциясын қамтамасыз етуді көздейді.

Оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесін енгізу және іске асырудың кіріс құжаттары болып келесілер табылады: ТЖКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМС), (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 бұйрығы (күшін жойған), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (әрі қарай – ҚР БжҒМ) 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы); Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы (ҚР БжҒМ 28.09.2018 ж. №500 бұйрығы); *бауырлас біліктіліктер бойынша білім деңгейлерінің біріктірілуін есепке алумен модульдік-құзыреттілік тәсілдеме бойынша* ТЖКБ мамандықтары бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары және бағдарламалары (ҚР БжҒМ 31.10.2017 ж. №553 бұйрығы, ҚР БжҒМ 16.09.2019ж. №409 бұйрығы редакциясында) [1, 2].

Ақпараттық-әдістемелік құралда (оқу үрдісінің кезеңдері бойынша) жекелеген бөлімдер мен тақырыптар бойынша ҚР БжҒМ қолданыстағы бұрықтарының ережелері; Білім беру үрдісінің терминдері мен олардың анықтамалары «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес пайдаланылады, олар бойынша глоссарий берілмеген.

Ақпараттық-әдістемелік құрал оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесін енгізетін ТЖКБ ұйымдары басшыларының орынбасарларына, әдіскерлеріне, оқытушыларына әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Құралда келесідей түсініктер пайдаланылады:

- оқу мерзімі – нақты оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай) бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі;
- цикл – білім берудің бір бағытындағы оқу пәндерінің жиынтығы;

- базалық құзыреттілік – өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеттілігі, өзін-өзі ынталандыруға және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімділігі;

- кәсіби құзыреттілік – білім, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі;

- модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық бөлімі немесе оқыту кезеңі;

- базалық модуль – білім алушылардың өзін-өзі және өз қызметін басқаруға, өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттілігін игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының немесе оқу кезеңінің тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық тарауы;

- кәсіби модуль – білім алушылардың құзыреттілік негізінде кәсіби міндеттердің жиынтығын шешу қабілеттілігін игеруге бағытталған ТЖКБ білім беру бағдарламасының немесе оқу кезеңінің тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық тарауы;

- оқыту нәтижесі –білім алушылардың белгілі бір модуль шеңберіндегі оқу үрдісінің нәтижесі бойынша білім алушылардың істей алатын мүмкіндіктерін анықтайтын, құзыреттілікке шығарылатын, қалыптастырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы;

- бағалау критерийлері – құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкес оқытудың нәтижелерін бағалау жөнінде шешім қабылдауға арналған білім алушы іс-әрекетінің көрсеткіштер тізімі.

Ақпараттық-әдістемелік құралда келесі түсініктер енгізіледі және пайдаланылады:

- басты (ерекшеленген) пән;
- модуль бойынша сынақ;
- модуль бойынша емтихан;
- пән (модульдік бірлік) бойынша сынақ.

Модульдік-құзыреттілік тәсілдеменің оқытудың модульдік жүйесінен айрықша белгісі болып оның мамандық (біліктіліктер) бойынша белгілі бір құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында пәндік-білімдік тәсілдемен интеграциялануы табылады.

Оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесінің ерекшелігі болып табылады:

- пәндер білімнің (ғылыми) пәндік облысы ретінде емес, нақты құзыреттілікті игеруге қажетті оқыту нәтижелерінің бөлімдері (бөліктері) ретінде меңгеріледі.

- сәйкесінше өндірістік оқыту мен кәсіптік практика (әрі қарай – ӨОЖКП) теориялық бөліктегі алынған білім, білік және дағдылар негізінде құзыреттіліктерді практикалық бекіту мен дамыту мақсатын көздейді.

1 НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БАЗАСЫНДАҒЫ МАМАНДЫҚТЫҢ ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1 Жұмыс оқу жоспарын құрастыру

Қолданыстағы МЖМС бойынша: жұмыс оқу жоспары (әрі қарай - ЖОЖ) - ТжКБ ұйымы әзірлейтін, оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесін, бірізділігін және көлемін, бақылау нысанын регламенттейтін құжат [1].

Ереже ретінде оқу жылы (40 апта) әрбіреуі аралық аттестаттаумен аяқталатын, қысқы каникулдармен ажыратылған екі оқу семестрінен тұрады.

Оқу семестрін 2 блокқа: теориялық оқыту; өндірістік оқыту және кәсіптік практикаға ажырату ұсынылады. Мұндай блоктарға бөлу келесі мүмкіндіктерді береді:

1) модульдер және (осы модульдерді құрайтын) пәндер бойынша оқу уақытының бюджетін дәл үлестіруге;

2) білім беру үрдісінің барлық қатысушыларымен оқу үрдісінің кестесін дұрыс түсінуіне;

3) мамандықтар немесе біліктіліктердің аймақтық және салалық спецификасын ескеруге.

4) білім беру бағдарламасының мазмұнын оны нақты кәсіпорынмен бірлесіп іске асыру жоспарымен үйлестіруге.

Оқу семестрінің мұндай құрылымы келесілерге жол береді:

- оқу құжаттамасының оқытушылармен дұрыс құрастырылуы және жасалуы, жүргізілуіне;

- пәндер (модульдік бірліктер), практикалық оқытудың түрлері бойынша оқу уақытының оңтайлы көлемін (теориялық блоктаға апта санына еселік) анықтауға;

- көлемді және еңбек сыйымдылығы жоғары модульдерді бірнеше семестрлер бойына үлестіруге (сондай-ақ ӨОЖКП түрлерін модульді меңгеру семестрлері бойынша үлестірген жөн).

- базалық және кәсіби модульдердің теориялық (мазмұндық) компоненті айтарлықтай тиімдірек және практикаға бағдарланып меңгерілуіне;

- модульдің (құзыреттіліктің) тұтас және/немесе модульдік бірліктердің (оқыту нәтижелерінің) сапалы игерілуіне жол беретін сабақ кестесінің дұрыс жасалуына.

Мұндай әдістемені қолдануда келесі ережелерді ұстану ұсынылады:

- өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибе теориялық блокты өтуден кейін басталады;

- емтихандар түріндегі аралық аттестаттау өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практикадан кейін жүргізіледі;

- қорытынды аттестаттау оқытудың толық курсынан кейін жүргізіледі.

Теориялық оқытуда жалпы білім беру циклінің, базалық және кәсіби модульдердің пәндері жұмыс оқу бағдарламасында анықталған меңгеру, зерделеу тәртібіне сай қарастырылады.

Оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесінде жұмыс оқу жоспары келесідей құрылымға ие болады [2]:

- Титулдық бетте** мамандық (біліктілік) коды мен атауы, келісу және бекіту грифтері көрсетіледі. Мамандық (біліктілік) атауы қолданыстағы ТЖКБ мамандықтарының сыныптауышына сәйкес жазылады. Титулдық беттің артқы жағында авторлық топтар, сарапшылар және оқу орны туралы мәліметтерді көрсету ұсынылады.

Оқу үрдісінің графигін дәстүрлі-сызықтық және модульдерді көрсетумен екі нұсқада ресімдеу ұсынылады. Бұл ТжКБ ұйымдарының оқу құжаттамасымен жұмыс жасау және құрастыру (сондай-ақ жүргізу) кезінде оқытушылардың оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесімен жұмыс жасауға үйренбегендігімен және ОҰ графигін түсіне бермейтіндігімен туындайтын қиындықтармен түсіндіріледі.

Оқу үрдісінің графигі

[illegible]

Шартты белгілер:

- – теориялық оқыту
- Сан - сынақ нәтижесі
- А – ағымдық аттестаттау
- К – кәсіпқұл
- ОДЖ - Алашқа жеріні дайындау бойынша оқу-дала жинақтары
- А – аралық аттестаттау
- КА - қорытынды аттестаттау
- ТП - оқу-таныстыру практикасы
- ОО - өндірістік оқыту
- ТКП - "Тестілеуші" жұмыс біліктілігін алуда кәсіптің
- КП - кәсіптің практика
- МК - мерекелік күндер
- ДАП - диплом алды практикасы
- ДЖ - дипломдық жобалау

1-сурет. ОУ графигін ұсынудың дәстүрлі-сызықтық нұсқасы

Оқу үрдісінің графигі																																																																												
Апта саны	Қыркүйек				Қазан				Қараша				Желтоқсан				Қаңтар				Ақпан				Наурыз				Сәуір				Мамыр				Маусым				Шілде				Тамыз																															
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52																								
Курс	2-8	09-15	16-22	23-29	30-06	07-13	14-20	21-27	28-03	04-10	11-17	18-24	25-01	02-08	09-15	16-22	23-29	30-05	06-12	13-19	20-26	27-02	03-09	10-16	17-23	24-01	02-08	09-15	16-22	23-29	30-05	6-12	13-19	20-26	27-03	04-10	11-17	18-24	25-31	01-07	08-14	15-21	22-28	29-05	06-12	13-19	20-26	27-02	03-09	10-16	17-23	24-30																								
1 курс	Жалпы білім беру пәндері																Жалпы білім беру пәндері																МК				АА				К																																			
2 курс	Жалпы білім беру пәндері, БМ 01, БМ 03, БМ 04, КМ 01, КМ 02, КМ 03																БМ 01, БМ 02, БМ 03, БМ 04, КМ 04																КМ 03 (ОО)				МК				КМ 03 (КТ)				КТ/АА				К																											
3 курс	БМ 02, БМ 03, БМ 04, КМ 04																БМ 03, БМ 04, КМ 04, КМ 05, БУАМ 01																КМ 04 (ОО)				КМ 05 (ОО)				КМ 06 (ТКП)				АА				МК				ҚА				К																			
4 курс	БМ 03, БМ 05, КМ 07, КМ 08																БМ 03, БМ 05, КМ 08, КМ 09, БУАМ 02																КМ 08 (ОО)				КМ 09 (КТ)				КМ 10 (ПД)				АА/МК				ДЖ				ҚА				ҚА																			
Шартты белгілер:																																																																												
□ – теориялық оқыту																																																																												
См – сынық аттестату																																																																												
А – ағымдық аттестаттау																																																																												
АА – аралық аттестаттау																																																																												
ҚА – қорытынды аттестаттау																																																																												
К – каникула																																																																												
ОО – өмірлік оқыту																																																																												
ТП – оқу-танымдық практикасы																																																																												
ТКП – "Тестілеуші" жұмыс біліктілігін алуға кәсіптік практика																																																																												
КТ – кәсіптік практика																																																																												
МК – мерекелік күндер																																																																												
ДП – диплом алды практикасы																																																																												
ДЖ – дипломдық жобалау																																																																												
БМ – базалық модуль																																																																												
КМ – кәсіптік модуль																																																																												
БУАМ – білім беру ұйымымен анықталған модуль																																																																												

2-сурет. ОУ графигінің модульдер көрсетілген нұсқасы

Ескерту: 2-суретте оқу үрдісінің блоктық құрылымының (теориялық, ӨОЖКП) мысалы келтіріледі. Суреттен көрінгендей әрбір оқу семестрі екі бөлікке бөлінген: ақ түспен теориялық блок, көгілдір түспен ӨОЖКП белгіленген.

Оқу үрдісінің графигінен кейін оқу үрдісінің компоненттерінің ұзақтық кестесі ілеседі. Онда білім беру үрдісінің кезеңдері бойынша апталық және уақыттық көлемдері көрсетіледі (1-кесте).

1-кесте. Оқу үрдісі компоненттерінің ұзақтығы

Курс	Базалық және кәсіби модульдер	Аралық аттестаттау	Қорытынды аттестаттау (аптада)	Дипломдық жобалау	Каникулдар (аптада)	Мерекелік күндер (аптада)	Оқу жылындағы барлық апталар саны
1	1404	36	-	-	11	1	52
2	1332	72	36	-	11	1	52
3	1422	18	-	-	11	1	52
4	1332	36	72	-	2	1	43
Жалпы	5490	162	108	-	35	4	5760

Оқу үрдісінің графигін жасауда келесілерді ескерген жөн:

- теориялық оқытудың оқу уақытының (күндізгі формадағы) жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағаттан кем емес (мұнда көрсетілген көлемге факультативтік пәндер және консультациялар бойынша сабақтар кірмейді) міндетті оқу жүктемесі есебінен анықталады, білім алушылардың оқу жүктемесінің максималды көлемі аптасынан 54 сағаттан кем еместі құрайды;

- оқу жылы 1-қыркүйек басталады және мамандықтың ерекшелігіне байланысты оқу үрдісінің ұйымдастырылуына тәуелді аяқталады.

- каникул уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қысқы кезеңде – 2 аптадан кем емес (әскери мамандықтардан басқа) [1].

Кәсіби модульдер бірізді игеріледі (бұл сәтті оқу сабақтарының кестесінде көрсету және жүзеге асыру ұсынылады). Кейінгі әрбір біліктілік үшін алдыңғы біліктіліктің модульдерін игеру қажет. Жекелеген базалық модульдер кәсіби модульдермен біріктірілуі мүмкін.

Аралық аттестаттаудың мерзімдері мен мазмұны білім беру ұйымымен орнатылады. Модуль бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практика аймақтық және салалық спецификаға байланысты бірнеше кезеңде шоғырландырылған, сондай-ақ сағаттардың бүтінсанды санымен шашыранқы жүргізілуі мүмкін.

Уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректерде оқу іс-әрекетінің түрлерін апталарда көрсету арқылы курстар бойынша уақыт бюджеті бойынша негізге сипаттамалары анықталады. Оқу үрдісінің графигі негізінде толтырылады. Оқу уақытының бюджеті бойынша жиындық деректердің ұсынылатын формасы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Оқу уақытының бюджеті бойынша жиындық деректер

Курс	Теориялық оқыту		Өндірістік оқыту және кәсіптік практика				Аралық аттестаттау (сағ.)	Қорытынды аттестаттау (сағ.)	Каникул (апта)	Барлығы (апта)
	Апта саны	Сағат саны	Өндірістік оқыту	Кәсіптік практика	Диплом алды практика	Дипломдық жобалау				
1	39	1404	-	-	-	-	36	-	11	52
2	28	1008	-	324	-	-	72	36	11	52
3	32	1152	-	270	-	-	18	-	11	52
4	16,5	594	-	522	216	-	36	72	2	43
Жалпы	115,5	4158	-	1116	216	-	162	108	44	5760

Оқу үрдісінің жоспары модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу уақытының көлемін, оқыту семестрлерін, бақылау формасын көрсетумен модульдер мен оқу пәндерінің тізбесін регламенттейді. Сағаттарды үлестіру кезінде семестрлер бойынша апталық жүктемені көрсету ұсынылады.

Оқу үрдісінің жоспарын құрастыру үшін модульдерге біріктірілген пәндер бойынша сағаттарды тиімді үлестіруге қажетті пәндер мен модульдердің матрицасын жасау ұсынылады.

Оқу үрдісінің жоспарының ұсынылатын формасы 3-кестеде бейнеленген.

3-кесте. Оқу үрдісінің жоспары

индекс	Циклдер, модульдер / пәндердің атауы	Бақылау формасы			Оқу уақытың көлемдері (сағ.)						Курстар және семестрлер бойынша үлестіру							
		Емтихан	сынақ	Бақылау жұмысы	Барлығы	Оның ішінде:					I курс		II курс		III курс		IV курс	
						Теориялық сабақтар	Зертханалық-практикалық жұмыстар	Курстық жұмыстар және жобалау	Өндірістік оқыту	Кәсіптік практика	1-семестр 19 апта	2-семестр 20 апта	3-семестр 16 апта (11 апта теория, 5 апта практика)	4-семестр 24 апта (14 апта теория, 10 апта практика)	5-семестр 17 апта (10 апта теория, 7 апта практика)	6-семестр 21 апта (10 апта теория, 11 апта практика)	7-семестр 13 апта (9 апта теория, 4 апта практика)	8-семестр 24 апта (7 апта теория, 11 апта практика, 6 апта ДЖ)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
ЖБП 00	Жалпы білім беру пәндері	5	9	12	1448	674	774				684	720	44					
ЖБП 01	Қазақ тілі және әдебиеті	2		2	156		156				76	80						
ЖБП 02	Орыс тілі және әдебиеті	2		2	156		156				76	80						
ЖБП 03	Шетел тілі		2	2	118		118				38	80						
ЖБП 04	Қазақстан тарихы	2			78	78					38	40						
ЖБП 05	Дүниежүзі тарихы		1		38	38					38							
ЖБП 06	Қоғамтану		1		76	58	18				76							
ЖБП 07	Математика	3		2	140	90	50				38	80	22					
ЖБП 08	Информатика		2		118	80	38				38	80						
ЖБП 09	Физика және астрономия	3		2	140	108	32				38	80	22					
ЖБП 10	Химия		2	1	98	72	26				38	60						
ЖБП 11	Биология		1	1	38	38					38							
ЖБП 12	География		1		38	38					38							
ЖБП 13	Алғашқы әскери дайындық		2		98	62	36				38	60						
ЖБП 14	Дене тәрбиесі		2		156	12	144				76	80						
БМ	БАЗАЛЫҚ МОДУЛЬДЕР	1	3	1	510	108	402						121	169	150	70		
БМ 01	<i>Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану</i>		4	1	144		144						66	78				
	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі			1	72		72						33	39				
	Кәсіптік шетел тілі		4	1	72		72						33	39				
БМ 02	<i>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын құрастыру</i>		5		60	20	40								60			
	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу				60	20	40								60			
БМ 03	<i>Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру</i>		6		176	20	156						44	52	40	40		
	Дене тәрбиесі				176	20	156						44	52	40	40		
БМ 04	<i>Жобалау және ақпаратты автоматтандырылған өңдеу әдістерін қолдану және есептеу техникасы құрадарын пайдалану, ақпарат беру және оларды пайдалану</i>	6		1	130	68	62						11	39	50	30		
	Жоғарғы және дискреттік математика негіздері			1	97	50	47						11	26	30	30		
	Сандық әдістер		5	1	33	18	15							13	20			

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
	Жоғарылатылған деңгейдегі жұмыс біліктілігі: 130408 2 – «сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілерді жөндеуші»																	
КМ	КӘСІПТІК МОДУЛЬДЕР	3	3	2	2218	506	494	30	720	468			411	641	462	704		
													231/180	299/342	210/252	290/414		
КМ 01	<i>Кәсіптік қызметте еңбек заңнамасы мен техника қауіпсіздігін сақтау</i>		3		116	24	20		72				116					
	<i>Еңбекті қорғау</i>				44	24	20						44					
	<i>Оқу-таныстыру практикасы</i>		3		72				72				72					
КМ 02	<i>Автоматтандыру сұлбаларын оқу және құрасытыру</i>		3	1	77	33	44						77					
	<i>Сызу</i>				44	10	34						44					
	<i>Электротехника</i>		3		33	23	10						33					
КМ 03	<i>Жұмысқа дайындалу, икемдеу және компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамсыздандыруына қызмет көрсету, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандыруды тестілеу</i>	4		1	859	209	200		252	198			218	641				
	<i>Есептеу техникасының бағдарламалық қамтамасыз етуі</i>		4		100	50	50						22	78				
	<i>Есептеу техникасының аппараттық қамтамасыз етуі</i>		4	1	113	48	65						22	91				
	<i>Есептеу техникасына қызмет көрсету</i>			1	111	61	50						33	78				
	<i>Есептеу техникасын жөндеу және жаңғырту</i>		4	1	85	50	35						33	52				
	<i>Өндірістік оқыту</i>		3,4		252				252				108	144				
	<i>Кәсіптік практика</i>		4		198					198				198				
КМ 04	<i>Орта деңгейлі бағдарламалауды орындау</i>	6		1	704	170	180	30	324						462	242		
	<i>Алгоритмдеу және бағдарламалау</i>		6	1	70	50	20								40	30		
	<i>Бағдарламалау</i>		6	1	120	50	40	30							70	50		
	<i>Объектілі-бағытталған бағдарламалау</i>		6		70	40	30								40	30		
	<i>Бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастыру технологияларын жобалау</i>			1	120	30	90								60	60		
	<i>Өндірістік оқыту</i>		5,6		324				324						252	72		
КМ 05	<i>Web-технологияны қолдана отырып, Web-парақшаны құру</i>		6		152	30	50		72							152		
	<i>Web-бағдарламалау және Интернет технологиялар</i>				80	30	50									80		
	<i>Өндірістік оқыту (Web-бағдарламалау және Интернет технологиялар)</i>		6		72				72							72		
КМ 06	<i>Компьютерлік желі, сандық және электрондық аппаратураны жөндеушінің практикалық жұмыстарын орындау</i>	6			270					270						270		
	<i>«Тестілеуші» жұмыс біліктілігін алуға арналған кәсіптік практика</i>				270					270						270		
БҰАМ 01	<i>Білім беру ұйымдары анықтайтын модульдер</i>				40	40										40		
	<i>ЛЕЖ әкімшілеу және басқару әдістерін қолдану</i>																	
	<i>Жергілікті есептеу желілерін әкімшілеу</i>		1		40	40										40		
АА 01	<i>Аралық аттестаттау</i>				108							36	36	18		18		
ҚА 01	<i>Қорытынды аттестаттау</i>				36											36		
	<i>Біліктіліктің жоғарылатылған деңгейі үшін міндетті оқу жиыны</i>				4320						684	756	612	828	612	828		

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Орта буын маманының біліктілігі: 130404 3 - «техник-бағдарламашы»																		
БМ	БАЗАЛЫҚ МОДУЛЬДЕР	1	2	6	244	184	60										153	91
БМ 03	<i>Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру</i>	8			64	4	60										36	28
	<i>Дене тәрбиесі</i>				64	4	60										36	28
БМ 05	<i>Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтендіру және бейімдеу үшін әлеуметтік ғылымдар негізін қолдану</i>		8	6	145	145											117	28
	Философия негіздері		7		36	36											36	
	Мәдениеттану		7		36	36											36	
	Құқық негіздері				28	28												28
	Әлеуметтану және саясаттану негіздері		7		45	45											45	
БМ 06	<i>Кәсіби қызметте экономиканың базалық білімдерін қолдану</i>		8		35	35												35
	Экономика негіздері				35	35												35
КМ	КӘСІПТІК МОДУЛЬДЕР	1	4		872	200	112	20	216	324							315	557
																	171/144	161/396
КМ 07	<i>Жоғарғы деңгейдегі бағдарламалау тілдерін қолдану</i>	7	7		144	104	20	20									144	
	<i>Жоғарғы деңгейдегі тілде бағдарламалау</i>				36	26	10										36	
	Бұлтты есептеулер мен мобильді қосымшалар		7		27	17	10										27	
	Өндірістік және экономикалық үрдістерді модельдеу		7		54	34		20									54	
	Кәсіпорын экономикасы және өндірісті басқару		7		27	27											27	
КМ 08	<i>Ақпараттық қауіпсіздік бойынша шараларды қамтамасыз ету, тораптық есептеу желісі мен Интернетті пайдалану және икемдеу</i>	8			369	61	92		216								171	198
	<i>Ақпаратты қорғау әдістері</i>			1	72	31	41										9	63
	Компьютерлік желілер және желілік әкімшілеу		8	1	81	30	51										18	63
	Өндірістік оқыту		7,8		216				216								144	72
КМ 09	<i>Техник-бағдарламашының практикалық жұмыстарын орындау</i>		8		180					180								180
	Техник-бағдарламашы кәсіптік практикасы				180					180								180
КМ 10	<i>Диплом алды практика</i>		8		144					144								144
	Кәсіптік диплом алды практикасы				144					144								144
БҰАМ 02	<i>Білім беру ұйымдары анықтайтын модульдер</i>																	
	<i>Компоненттік бағдарламалау тіліндегі бағдарламалау бойынша теориялық білімдерді қолдану</i>				35	35												35
	С#-тегі бағдарламалау		1		35	35												35
ДЖ	Дипломдық жобалау				216					216								216
АА 02	Аралық аттестаттау				36												36	
ҚА 02	Қорытынды аттестаттау				72													72
	Орта буын маманы деңгейі үшін міндетті оқытуға жиыны:				1440												486	954
	Міндетті оқытуға жиыны				5760						684	756	612	828	594	828	486	954
К	Консультациялар				400						50	50	50	50	50	50	50	50

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Ф	Факультативтік сабақтар				428						76	80	54	52	48	52	36	30
Ф 01	Өзін-өзі тану				64						32	20	12					
Ф 02	IT технологиялар				82						14	20	10	12	8	12	6	
Ф 03	Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері				48									10	10	10	10	8
Ф 04	Жобалық іс-әрекет негіздері				68						12	16	10	12	10	8		
Ф 05	Ұтқыр қосымшаларды құрастыру				88						10	10	8	8	10	10	10	22
Ф 06	Есептеу техникасының бағдарламалық қамтамасыз етуі				78						8	14	14	10	10	12	10	
Ф 07	Резерв				0													
	Барлығы:				6588						810	886	716	930	710	930	590	1016

Ескерту: базалық және кәсіптік модульдердің басты пәндерді жартылай майлы жазылумен белгіленген және олар бойынша бақылау формалары қойылмаған, себебі бұл пәндерден модуль бойынша сынақтар немесе емтихандар (бақылау жұмыстары) қарастырылған. Қалған барлық пәндер бойынша семестрлер бойынша сәйкес бақылау формалары қойылып шыққан. Тек бір ғана пәнді меңгеруді түйіндейтін базалық жән кәсіптік модульдерде аралық аттестаттауда бақылау формалары болып модуль жолында көрсетілген көрсеткіш (танылады) оқылады. Егер нақты пәндердің бақылау формасы ұяшығында семестрлер көрсетілсе, онда олар бойынша бақылаудың ағымдық түрлері қабылданады.

Базалық және кәсіптік модульдерді қалыптастыратын пәндерге бөлінген сағаттар саны (құрамына басшының ОІ жөніндегі орынбасары, арнайы және жалпы білім беру пәндердің оқытушылары, әдіскер, әлеуметтік серіктестердің (2-тен кем емес) өкілдері кіретін) жұмыс тобымен анықталуы, орнатылуы тиіс. Оқу уақытының бюджетін үлестіруде базалық модульдерді және кәсіптік модульдерді меңгеруге (сондай-ақ теориялық және практикалық сабақтар санына) бөлінген сағат көлеміне сүйену керек.

Келесілерді есте сақтау маңызды:

- оқытудың модульдік-құзыреттілік тәсілдемесі білім алушылардың базалық, кәсіптік құзыреттіліктерді (модульдерді) сапалы меңгеруі және игеруі арқылы ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейді;

- базалық, кәсіптік құзыреттіліктер (модульдер) – бұл қандай да болмасын маманның жекелеген еңбек функцияларын игеру деңгейін оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлері арқылы қадағалау құралы.

Модульдің бағалары көбінесе ТЖКБ білім беру ұйымдарымен білім алушылардың оқу бағдарламасының компоненттерін игеру нәтижесі, бизнес ортамен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламасының іске асырылу көрсеткіші ретінде пайдаланылады.

Оқу үрдісінің жоспарында модульдің құрамына енетін бірнеше пәндердің ішінен басты пәнді ерекшелеу қажет. Басты пәнді ерекшелеуді арнайы пәндер оқытушыларымен, ӨО тәлімгер-шеберлерімен, әлеуметтік серіктестердің өкілдерімен келістіріп жүзеге асыру ұсынылады. Атауы және мазмұны бойынша модульді және құзыреттілікті жалпылайтын пән басты пән ретінде алынады. Ал басты пән жүргізетін оқытушы ретінде сәйкес біліктілігі және құзыреттілігі, еңбек өтілі және қажетті модераторлық дағдылары бар оқытушылар тандалады. Басты пәннің оқытушысы модульдің жұмыс оқу бағдарламасының, бақылау-өлшеу материалдарының, өз бетінше меңгеруге арналған тапсырмалардың сапалы, уақытылы құрастырылуына және оқу құжаттамасының жүргізілуіне жауап береді.

Пәндер бойынша (игеру нәтижесі ретінде) қорытынды бағаларды пайдалану ТЖКБ туралы дипломға қосымшаны толтырумен түсіндіріледі. Дипломның қосымшасында игерілген базалық және кәсіптік модульдер (құзыреттіліктер) нормативтік-құқықтық актілерде сәйкес ережелердің болмауы себебінен көрсетілмейді.

Модуль бойынша сынақтарда және емтиханда алынған бағалар (ерекшеленген) басты пән бойынша қойылады. Ал қалған (ерекшеленбеген) пәндер бойынша аралық бақылауға дейін (сынақ аптасында) ағымдық (пәндік, меңгерілген бөлімдер мен тақырыптар бойынша) сынақтар қабылданады және (ағымдық) сынақ бағалары қойылады. Осылайша игерілген базалық және (немесе) кәсіптік модульдердің (құзыреттіліктердің) өтілген, меңгерілген пәндерінің барлығы бойынша білім алушылардың бағалары жинақталады.

Мамандықтың негізгі орта білім базасындағы оқу үрдісінің жоспарын жалпы орта білім базасындағы жоспармен теңестіру мақсатында келесілер ұсынылады: (жалпы орта білім базасындағы) үлгілік оқу жоспарларында

Қазақстан тарихы пәнін меңгеруді қарастыратын базалық модульге 80 сағат бөлінеді. Бұл 36 сағат (бір апта, оны негізгі орта білім базасындағы жоспар бойынша аралық аттестаттауға бөлінген уақытпен алмастыруға болады) және 44 сағат (жалпы білім беру пәндеріне бөлінген уақыттың қалдығы). Осылайша бір білім траекториясы бар топтар үшін оқу үрдісінің графигін үйлестіруге және оқу уақытының бюджетін, педагогикалық жүктемені оңтайландыруға болады.

Матрица өз алдында қандай да болмасын модульдердің құрамына енетін пәндер бойынша сағаттардың үлестірілуі көрсетілген кестені ұсынады. Үстіңгі жолында құзыреттіліктерді қалыптастыратын модульдер, сол жақ бағанда - пәндер, өндірістік оқыту және кәсіптік практика көрсетілген. Бағандар мен жолдардың қиылысуы берілген модуль шеңберінде пәнге бөлінген сағат санын көрсетеді. Соңғы жолы нақты біліктілік бойынша міндетті оқытуға қажетті сағат сандарын көрсетеді.

Кәсіптік модульдер мен пәндер матрицасы (4-5-кестелер) әрбір біліктілік үшін жекелеген кестелерде құрастыру қажет. Ал базалық модульдер мен пәндер матрицасы (6-кесте) мамандық үшін толық (барлық біліктіліктерді көрсетумен) құрастырылады.

4-кесте. 1304082 - «сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілерді жөндеуші» біліктілігін игеруге үшін кәсіптік модульдер мен пәндер матрицасы

№	Модуль	КМ 01		КМ 02		КМ 03		КМ 04		КМ 05		КМ 06		БҰАМ 01		Пәнге берілген жалпы сағаттар		
		Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Барлығы	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар
1.	Еңбекті қорғау	24	20													44	24	20
2.	Сызу			10	34											44	10	34
3.	Электротехника			23	10											33	23	10
4.	Есептеу техникасының бағдарламалық қамтамасыз етуі					50	50									100	50	50
5.	Есептеу техникасының аппараттық қамтамасыз етуі					48	65									113	48	65
6.	Есептеу техникасына қызмет көрсету					61	50									111	61	50
7.	Есептеу техникасын жөндеу және жаңғырту					50	35									85	50	35
8.	Алгоритмдеу және бағдарламалау							50	20							70	50	20
9.	Бағдарламалау							50	70							120	50	70
10.	Объектілі-бағытталған бағдарламалау							40	30							70	40	30
11.	Бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастыру технологияларын жобалау							30	90							120	30	90
12.	Web-бағдарламалау және Интернет технологиялар									30	50					80	30	50
13.	Жергілікті есептеу желілерін әкімшілеу													40		40	40	
	Жалпы	24	20	33	44	209	200	170	210	30	50	-	-	40	-	1030	506	524
	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика																	1188
1	Өндірістік оқыту	72				252		324		72								720
2	Кәсіптік практика					198						270						468
	Барлығы																	2218

5-кесте. 1304043 - «техник-бағдарламашы» біліктілігін игеруге үшін кәсіптік модульдер мен пәндер матрицасы

№	Модуль	КМ 07		КМ 08		КМ 09		КМ 10		БҰАМ 02		Пәнге берілген жалпы сағаттар		
		Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Бар-лығы	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар
	Модульге біріктірілген пәндер													
1.	Жоғарғы деңгейдегі тілде бағдарламалау	36	10									36	26	10
2.	Бұлтты есептеулер мен мобильді қосымшалар	17	10									27	17	10
3.	Өндірістік және экономикалық үрдістерді модельдеу	34	20									54	34	20
4.	Кәсіпорын экономикасы және өндірісті басқару	27										27	27	
5.	Ақпаратты қорғау әдістері			31	41							72	31	41
6.	Компьютерлік желілер және желілік әкімшілеу			30	51							81	30	51
7.	C#-те бағдарламалау									35		35	35	
	Жалпы	114	40	61	92	-	-	-	-	35	-	332	200	132
8.	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика											540		
9.	Өндірістік оқыту			216								216		
10.	Кәсіптік практика					180						180		
11.	Кәсіптік диплом алды практика							144				144		
	Кәсіптік модульдер бойынша барлығы											872		
	Дипломдық жобалау											216		

6-кесте. 1304082 - «сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілерді жөндеуші»; 130404 3 – «техник-бағдарламашы» біліктіліктерін игеру үшін базалық модульдер мен пәндер матрицасы

	Модуль	БМ 01		БМ 02		БМ 03		БМ 04		БМ 05		БМ 06		Пәнге берілген жалпы сағаттар		
		Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар	Барлығы	Теориялық оқыту	Зертханалық-практикалық, курстық жұмыстар
1.	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі		72											72		72
2.	Кәсіптік шетел тілі		72											72		72
3.	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу			20	40									60	20	40
4.	Дене тәрбиесі					24	216							240	24	216
5.	Жоғарғы және дискреттік математика негіздері							50	47					97	50	47
6.	Сандық әдістер							18	15					33	18	15
7.	Философия негіздері									36				36	36	
8.	Мәдениеттану									36				36	36	
9.	Құқық негіздері									28				28	28	
10.	Әлеуметтану және саясаттану негіздері									45				45	45	
11.	Экономика негіздері											35		35	35	
	Барлығы:	-	144	20	40	24	216	68	62	145	-	35	-	754	292	462

Модульдерге біріктірілген пәндер бойынша матрицада сағаттарды үлестіру мамандықтың жұмыс оқу жоспарына сәйкес (базалық және/немесе кәсіптік) модульдердің жұмыс оқу бағдарламаларына сай жүргізіледі.

Модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу уақытының көлемін анықтау тізбегі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу уақытының көлемін анықтау тізбегі

Оқу жоспарына **түсіндірме жазба** оқу үрдісін ұйымдастырудың, аралық және қорытынды аттестаттауларды жүргізу ерекшеліктерін көрсетеді, оқу жоспарының жекелеген ережелерін ашып көрсетеді және нақтылайды.

Жұмыс оқу жоспарына түсіндірме жазбаның мазмұны келесі жалпы ережелерді қамтиды:

- жұмыс оқу жоспары мен жұмыс бағдарламасын құрастырудың заңнамалық-нормативтік, директивтік базасы;
- аймақтық және салалық спецификаны ескеруді, қолдануды сипаттау және негіздеу;
- базалық және кәсіптік модульдерді оқытудың тізбектілігін көрсету;
- білім беру ұйымының тандауы бойынша модульдерді анықтау және үлестіру;
- модульдерді оқыту ерекшеліктері;
- оқыту және бақылау әдістері мен тәсілдері;
- практиканы ұйымдастыру;
- аралық және қорытынды аттестаттауларды ұйымдастыру;
- консультациялар мен факультативтік сабақтарды жүргізу;
- және тағы басқалары.

Уәкілетті органмен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында біліктіліктің болмауы жағдайында базалық және кәсіптік құзыреттіліктер мен модульдер көрсетілген **мамандықтың функционалдық картасы** жасалады.

- .

2 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ

Модульдің жұмыс оқу бағдарламасы

Модульдің (модульдік бірліктің) жұмыс оқу бағдарламасы – ТжКБ ұйымы мамандығының жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне және мамандықтың жұмыс оқу жоспарындағы оқу уақытының көлемдеріне сай тұтас модуль немесе нақты модульдік бірлік (модуль пәнінің) үшін ТжКБ ұйымымен құрастырылатын құжат.

Модульдің жұмыс оқу бағдарламасы (әрі қарай - МЖОБ) оқыту үрдісін және қадағалауды әдістемелік дұрыс жоспарлауға жол береді, сондай-ақ модуль шеңберінде теориялық (сабақ, дәріс, семинар және т.б.) және практикалық (зертханалық-практикалық сабақтар, курстық жобалар және т.б.) сабақтардың, өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практиканың байланысын қамтамасыз етеді.

Модульдің (модульдік бірліктің) жұмыс оқу бағдарламасы бір немесе бірнеше оқытушымен (бірнеше оқытушы жағдайында модуль бойынша жауапты оқытушыны тағайындаған дұрыс) бекітілген жұмыс оқу жоспарының және жұмыс оқу бағдарламасының негізінде нақты мамандық (және біліктілік) үшін модульді игерудің толық кезеңіне курстар (семестрлер) бойынша бөлініп құрастырылады, ЦӘК отырысында қарастырылады және басшының ОІ жөніндегі (ОӘЖ) орынбасарымен бекітіледі.

Циклдік-әдістемелік комиссияларда (ЦӘК) қандай да бір модульдің құрастыруына жауапты оқытушыларды олардың құзыреттілігі, біліктілігіне байланысты тағайындау ұсынылады. Мұндай әдіс бірнеше оқытушымен МЖОБ құрастыру үрдісін бағыттап, реттеуге; оқу пәндерінің (ӨО және КП) мазмұнын оқыту нәтижелері (бағалау критерийлері) негізінде дұрыс қалыптастыруға жол береді. ЦӘК-тердегі тағайындалған оқытушылар модульдердің жұмыс оқу бағдарламаларының сапасына, мазмұндылығына, құрастырудың уақыттылығына жауапты болады.

МҚТ кезіндегі модульдердің (құзыреттіліктердің) жұмыс оқу бағдарламасының ерекшелігі оларда белгілі бір модульді меңгеру, игеруге қажетті бөлімдер мен тақырыптардың ғана сипатталуынан тұрады. Осыған байланысты модульдердің жұмыс оқу бағдарламасын құрастыруға жауапты оқытушылардың МҚТ оқытудың пәндік-циклдік (пәндік-білімдік) форматынан өзгешелігін түсінгені маңызды.

Меңгеру бөлімдерін, тақырыптарын анықтау мен тандау үшін бастапқы нүкте болып оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлері табылады.

МЖОБ «Кәсіпқор» Холдингі» КАҚ 2017 жылы құрастырылған модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын құрастыруға әдістемелік ұсынымдар бойынша құрастырылады және келесілерді қамтиды:

- титулдық бет ([4], 1-қосымша) – онда оқу орны туралы мәлімет, мамандық (біліктілік) коды мен атауы, оқыту формасы мен білім базасы, сондай-ақ келістіру және бекіту туралы деректер көрсетіледі;

- түсіндірме жазба ([4], 2-қосымша) – келесідей ақпараттарды қамтиды: құру уақыты; қалыптастырылатын құзыреттілік; оқыту семестрі, курсы және тобы; оқыту түрлері бойынша жұмыс оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлемі; оқыту кезеңі және өткізу орны; оқытудың қажетті құралдары, жабдықтары және ұйымдастыру үрдістері; оқытушының (оқытушылардың) байланыс мәліметтері;

- жұмыс оқу бағдарламасының мазмұны ([4], 3-қосымша) – келесілерден тұрады: оқыту нәтижелері; оқыту нәтижелерін қол жеткізу үшін бағалау критерийлері; бағалау критерийлері шеңберіндегі міндетті тексеру сынамасының түрі; бөлімдер және тақырыптар бойынша үлестірілген (бар болған жағдайда қамтылатын пәнмен байланысы көрсетіледі) оқытудың тізбекті жоспар-мазмұны; оқыту формасы және сабақ түрі (теориялық, практикалық оқыту, өндірістік оқыту, кәсіптік практика);

Модульдің жұмыс оқу бағдарламасының мазмұнын анықтау үшін негіз болып ҚР БЖҒМ 31.10.2017ж. №553 бұйрығының (ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары) қосымшалары бойынша аймақтық спецификаны және дайындық бейінін есепке алумен бейімделіп құрастырылған, ТЖКБ ұйымы әлеуметтік серіктесімен келістірілген мамандықтың немесе біліктіліктің (білім беру бағдарламасы) жұмыс оқу бағдарламасы табылады.

Модульді құраушы пәндердің бөлімдері мен тақырыптарын анықтауда сондай-ақ пәндердің (2017 жылға дейін мамандықтар және бейіндер бойынша базалық колледждермен құрастырылған) үлгілік оқу бағдарламаларына және әлеуметтік серіктестермен, кәсіби қауымдастықтармен, «Кәсіпқор» Холдингі» КАҚ ұсынылған базалық оқулықтарға сүйенуге болады.

Сағат саны бағанын құраушы пәндердің санына (өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практика түрлеріне) байланысты бірнеше ішкі бағанға бөлу ұсынылады. Бұл жекелеген пәндер бойынша сағат санын және мазмұнды жүйелі көрсетуге, кестенің жолдар санын азайта отырып мазмұнын (себебі кейбір ғылыми тақырыптар ғылыми пәндердің бейініне байланысты түрлі қырынан арастырылуы мүмкін) ықшамдауға; модульдің мазмұнындағы ақпараттың қайталануын болдырмауға жол береді.

Соңғы «қажетті оқу материалдары» бағанында оқу материалдарының толық атауын көрсету физикалық тұрғыдан мүмкін емес. Сондықтан «Жұмыс оқу бағдарламасының мазмұны» кестесінен кейін қажетті оқу материалдарының, құралдарының тізімін құрылымды келтіруге болатын «Қажетті оқу материалдарының тізімі» пунктін енгізу ұсынылады. Сәйкесінше «Қажетті оқу материалдары» бағанында тізімдегі қажетті оқу материалына сілтеме көрсетіледі. Бұл өз кезегінде кестені жинақы және оқылымды етеді.

Сондай-ақ модульдің жұмыс оқу бағдарламасының мазмұнында тілдік нормаларға сай қысқартуларды пайдалану ұтымды.

- бақылау парағы ([4], 4-қосымша), өз алдында барлық оқыту нәтижесіне қол жеткізуді бағалау критерийлеріне сай дәлелдеу матрицасын ұсынады.

Әдістемелік ұсынымдарда [4] сондай-ақ модульді қалыптастыратын пән бойынша жұмыс оқу бағдарламасын құрастыру ұсынылады. Түрлі кәсіптік модульдер пәндердің алуан түрлі саны мен көлемін қамтиды, тиісінше модульдердің жұмыс оқу бағдарламаларын құрастырудың мұндай әдісі құрастыру үрдісін одан сайын күрделі етеді, осы арқылы оқытушылардың жұмыс көлемін, құжаттарын арттырады және оқу құжататамасындағы шатасуларға алып келеді.

Қандай да болмасын модульді оқытудың толық кезеңіндегі барлық пәндерді (модульдік бірліктерді) қамтитын модуль бойынша **бір** жұмыс оқу бағдарламасын (сондай-ақ модуль бойынша **бір** келешектік-тақырыптық жоспарды) құрастыру ұсынылады.

Мысал ретінде 130408 2 «сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілерді жөндеуші» біліктілігін игеруге арналған КМ 03. «Жұмысқа дайындалу, икемдеу және компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамтамасыздандыруына қызмет көрсету, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыздандыру тестілеу» кәсіптік модулінің жұмыс оқу бағдарламасы келтірілген [6].

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны



Коммунальное государственное казенное предприятие «Каратауский строительно-технический колледж» управления акимата образования Жамбылской области

1-құжат. Модульдің жұмыс оқу бағдарламасы

КЕЛІСЕМІН
Мекеме басшысы

«___» _____ 2020ж.

БЕКІТЕМІН
Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары
_____ Анарбекова С.С.
«___» _____ 2020ж.

Модуль атауы _____

МОДУЛІНІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық:
Біліктілік:

Әдістемелік кеңес отырысында қаралды және мақұлданды

№ _____ хаттама, «___» _____ 20 _____ ж.

Төраға _____

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Дата создания: _____

Қалыптастырушы құзыреттілік:

Оқу семестрлері, курстары бойынша үлестірілуі, тобы			
семестр:		семестр:	
Курс:		Тобы:	

Жұмыс оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлемі (сағат)			
Барлығы:		Барлығы сағат, оның ішінде	
Теориялық сабақтар:	сағ.	Практикалық сабақтар:	сағ.
		Өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практика	сағ.
Бақылау формасы:		Емтихан	

Оқытуды жүргізу орны мен кезеңі	
Оқытуды жүргізу орны:	
Оқытуды жүргізу кезеңі:	

Оқытудың қажетті құралдары, қондырғылары	
Дербес компьютер, проектор, интерактивті тақта, стендтер, көрнекілік құралдары, үлестіру материалдары	

Оқытушы(-лар) туралы байланыс ақпараттары	
Тегі, аты, әкесінің аты:	
Тегі, аты, әкесінің аты:	